



**MUĞLA SITKI KOÇMAN ÜNİVERSİTESİ**  
**EDEBİYAT FAKÜLTESİ**  
**ÇAĞDAŞ TÜRK LEHÇELERİ VE EDEBİYATLARI**

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**  
**«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ**  
**8D02301 «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы**  
**бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**Демесинова Акерке Алтаевнаның**  
**«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму**  
**бағыттары» тақырыбындағы диссертациясына**

**ПІКІР**

Мен Демесинова Акерке Алтаевна ханыммен 2021 жылдың қыркүйек айында ол кісінің ғылыми жетекшісі Кажмбаева Гүлден Кеңесқызының ұсынысымен таныстым және таңдалған зерттеу тақырыбымен, зерттеушінің аталған мәселе бойынша ой-пікірлерімен танысқан соң бірден шетелдік ғылыми жетекші болуға келісімді бердім. Демесинова Акерке Алтаевна ханымға докторантурада оқыған үш жыл бойы тығыз ғылыми қатынас жасап, зерттеу жұмысы бойынша үнемі кеңестер беріп тұрдым. 2023 жылы мамыр - маусым айларында Демесинова Акерке Алтаевна ханым мен қызмет атқаратын Түрік Республикасы Мугла Сытқы, Қочман университетіне докторлық диссертациясын орындау барысында шетелдік тағылымдамадан өту үшін келген кезінде тығыз жұмыс істедік.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы.** Демесинова Акерке Алтаевна ханымның зерттеп жүрген «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбы қазіргі таңда халықаралық әдебиеттану ғылымында өте аз зерттелген, ал қазақ әдебиеттану ғылымында мүлдемге зерттелмеген тақырып деуге болады. Атап айтсақ, әлемдік деңгейде балалар фэнтезиі ең алғаш дербес әдеби жанр ретінде F.J. Molson «Children's Fantasy» еңбегінде зерттелген, бірақ бұл еңбек тек ағылшын балалар фэнтезиіне қатысты зерттеуге жатады.

Бүгінгі әдебиет ғылымында, соның ішінде қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының генезисі, оның мәдениеттанудағы алғышарттары, жанрлық модификациялары және басқа қырлары жөніндегі пікірталастар толастар емес. Тіпті фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры болуы заңды құбылыс па, жоқ әлде ғылыми фантастиканың, мифологияның, ертегі жанрының бір тармағы ғана ма деген мәселе әлі өз шешімін таппағаны белгілі. Осы бір тың

EA

тақырыпқа арналған диссертациялар, монографиялар, арнайы кітаптар түріндегі академиялық зерттеулер әзірше Қазақстанда жоқтың қасы деуге негіз бар. Демесинова Акерке Алтаевна ханым өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында фэнтезидің қазақ әдебиетінің дербес жанры ғана емес, метажанры екендігін дәлелдеуге тырысқан.

Фэнтези шығармалары орасан зор оқырман аудиториясын қамтитыны белгілі, сол арқылы бұқараның рухани ой-санасының қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар бұқаралық фэнтези әдебиетіне халық ертегілерінде басты рөл атқаратын фольклорлық элементтер енгізілуінің нәтижесінде тәрбиелік мәні, қызметі артуда. Фэнтезилік баяндауға мифологиялық мотивтерді, неомифтер мен қазақтың ұлттық рухани құндылықтарын, діни, мәдени, тұрмыстық дәстүрлерін енгізу арқылы өскелең ұрпақты ұлт мәдениеті мен тарихына ұйыстыру мәселесі шешілуде. Балалар фэнтезиінің аталған екі қызметі де жеңіл, ойын-сауық түрінде жүзеге асырылуда.

Замануи әдебиеттегі жанрдың түрлену мәселесі, көркем шығармадағы кейіпкер мәселесі, оның сомдалу ерекшеліктері әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының назарынан тыс қалмаған. XX-XXI ғасырдағы қазақ прозасы сол дәуірдің әлеуметтік, қоғамдық өзгерістері мен құбылыстарын суреттеуде, соған сай әр алуан адам характерлерін жасауда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Қазақ прозасының дәстүрі қазіргі әдебиетте, фэнтези шығармаларында да жалғасын тауып келеді. Алайда әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрының қалыптасып, кемелденуі, фэнтези түрлері, фэнтези сюжетінің өзіндік ерекшеліктері зерттеліп жатса да, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселелердің зерттелуі кенже қалып отырғандығы байқалады. Қазақ фэнтезиінің ұлттық сипаты, миф, ертегі, фантастика жанрымен үндестігі мен айырмашылық қырлары, фэнтези кейіпкерлердің ертегі кейіпкерлері мен фантастика кейіпкерлермен ұқсастығы, айырмашылық жақтары да теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелмеуі жұмыстың өзектілігін танытады.

**Докторанттың негізге алған басты ғылыми және әдіснамалық ережелері.** Демесинова Акерке Алтаевна ханымның зерттеген «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы диссертациясының мақсаты - қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуын зерттеу барысында ерекшеліктерін, жіктемесін айқындау және көркемдік даму бағыттарын саралау.

Зерттеу жұмысында көркем шығармаларды талдау, яғни салыстыру, тұжырымдау, жинақтау тәсілдері қолданылғаны байқалады. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен олардың дәйектілігі.** Диссертацияның 1-тарауы «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының шығу, қалыптасуының қайнар көздері» деп аталады. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына жатқызатын Таупық Рымжановтың, Тауфих Шеғиров-Тұрысбек Сәукетаевтың, Тимур Ермашевтың, Адам Қапанов пен

Ильмаз Нұрғалиевтың, Рүстем Сауытбайдың, Зира Наурызбай мен Лиля Калаустың шығармалары XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың алғашқы жиырма жылдан астам кезеңінде жазылғандықтан, қазақ әдебиетіндегі және балалар әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы мен динамикалық дамуын байқап отырмыз. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры толық қалыптасып, одан әрі дамып бара жатқандығы туралы тұжырым жасалған. Сонымен қатар бұл авторлардың шығармаларында фэнтезиге тән белгілер байқалады деген қорытынды шығарылған.

Қазіргі әлем әдебиетінде фэнтези жанрына байланысты екі түрлі көзқарас орныққан: біріншісі, фэнтезиді фантастикалық жанрдың бір тармағы деп есептейді; екіншісі, фэнтезиді заманауи, «жаңа» ертегі жанрына жатқызады. Диссертация авторы фэнтезиді ғылыми фантастика және әдеби ертегі жанрларымен салыстырмалы талдау жасау арқылы оның екеуіне де жатпайтын, мүлдемге дербес әдеби жанр екендігін дәлелдеген. Сонымен қатар фэнтезидің мифологиядан бастау алғанымен, одан да өз отауын тігіп, бөлек шығып кеткен әдеби жанр екендігін дәлелдеген.

Фэнтези әдебиеттің дербес жанры екендігін дәлелдей отырып, автор оның авторлық анықтамасын ұсынған: «Фэнтези – бел ортасында қайта өңделген мифологиялық архетиптер және авторлық миф орналастырылған туындының біртұтас көркем шынайылығына (нақтылығына) негізделген ертегі, серілік (рыцарьлық) романдар мен мифтердің астасуынан осы жанрлардан фантастикалық элементтерді жинақтаған, ең алғаш Англияда XX ғасырда пайда болған көркем әдебиеттің дербес жанры». Сонымен қатар, диссертация авторы фэнтезидің қазіргі заманғы жаңа мифологияға айналуға мүмкіндігі бар екендігін болжайды. Себебі, оның құрылымы мен магистралдық сюжеті осыны айқын байқатады деген ой түйеді.

Диссертацияның 2-тарауы «Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының жіктелісі және даму бағыттары» деп аталады.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасу, даму кезеңдері мен жіктелісін зерттеуді тұжырымдай келе, жалпы алғанда қазақ фэнтезиі шартты түрде төрт кезеңге бөлінген даму сатыларынан өткендігі анықталған. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры әлі де өз дамуын жалғастырып келе жатқан, әлі де шығармалары жазылу үстіндегі, болашағынан зор үміт күттіретін динамикалық жанр екендігі туралы ой түйген.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер мәселесін зерттеу барысында, қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларының көпшілігі және неғұрлым танымалдары көпсериялы фэнтези болғандықтан, көбінесе олар хроникалы сюжетке құрылғанымен, сол серияларға кіретін жеке кітаптарды дербес түрде қарастырсақ, шоғырлы сюжет желісімен құрылған туындылар деген қорытынды шығарылады. Дегенмен, диссертация авторы жекелеген шығармалардың сюжеті күрделі, «ноқтаға басы сыймайтын», өз бойына бір ауқымда шоғырлы сюжеттің, тізбекті сюжеттің, тіпті қайырымалы хронологиялық сюжеттің белгілерін сіңірген туындыларға жатқызуға болады деп тұжырым жасайды.

Диссертация авторы зерттеп отырған жанр кейіпкерлерінің типологиясын, жиі кездесетін түрлерінің жіктемесін алғаш рет ұсынған деуге толық негіз бар. Еріксіз кейіпкер, квазиэпикалық кейіпкер, авантюрист кейіпкер, кек алушы кейіпкер, зұлым кейіпкер болып бөлінетін басты кейіпкерлердің бес типінен бөлек фэнтези шығармаларында жиі кездесетін «дана қария», «көмекші», «антогонист» кейіпкер деген типтерін жіктеп көрсеткен. Аталған кейіпкер типтерінің арасынан әлемдік фэнтези, соның ішінде Батыс фэнтезиінен айырмашылығы - қазақ фэнтезиінде басты кейіпкердің зұлым болуы әзірге кездеспейтінін анықталған. Сонымен қатар фэнтези кейіпкерлерінің ертегі кейіпкерлерінен басты айырмашылығы – олардың авторлық неомиф негізінде пайда болып, шығарманың сюжет желісін ашудағы үлкен маңызын, ертегідегідей емес, фэнтезиде кейіпкерлер айқын тұғырда тұрмайтынын, яғни трансформацияға ұшырап, динамикалық өзгерістерге түсіп, жетіліп, дамып отыратындығы туралы тұжырым жасалған.

Диссертацияның 3-тарауы «Балалар фэнтезиіндегі кейіпкерлер әлемі және құндылықтардың көрінісі» деп аталған.

Диссертация авторы балалар фэнтезиіндегі ұлттық отбасылық құндылықтардың бейнеленуін келесі жіктеме арқылы көрсеткен: абсолютті құндылықтар (махаббат, жақсылық, сыйластық, жар адалдығы, неке беріктігі, ақиқат, мәдениет, игілік, сенім, үміт, сұлулық, имандылық); табиғи-географиялық құндылықтар (табиғат, ресурстар, еңбек); қоғамдық-мемлекеттік құндылықтар (туған жер, ел, Отан, азаматтық, еркіндік пен теңдік, қауіпсіздік, шындық, адамға деген құрмет, бейбітшілік); отбасының мәдени-ұлттық, туыскандық құндылықтары (қандастық, туыстық, балалар, ана, әке, ата, әже, аға, әпке, іні, қарындас, дос, туған үй, денсаулық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жоралғылар).

«Тауық Рымжанов – ұлттық балалар фэнтезиін қалыптастырушы» тараушасында диссертация авторы Тауық Рымжановтың қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы екендігін дәлелдеуге тырысқан.

Тауық Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесі (1984), «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі (1994), «Алтын ара» ертегі-повесіне енген «Ерден батыр» ертегісі (1995), «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты (1999), «Күн перзенттері» ертегі-хикаяттары (2010) ертегілік фэнтезиге жататын, бірақ мазмұнында эпикалық фэнтези мен «қара» фэнтезидің элементтері бар толыққанды фэнтези жанрында жазылған қазақ балалар әдебиетіндегі алғашқы туындылар деп бағалануы тиіс деген қорытындыға келеді.

«Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемінің» бейнесі» деп аталатын тараушада Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясы өз оқырмандарын жұмбақ әлемге елітіп әкетуі мақсатында құрылған оқиғалар желісінен және қиялдан шығарылған дүниедегі бала әлемін суреттеуден тұратыны анықталған. Р.Сауытбай аталған фэнтези циклінде балалар әлемін концептуалды түрде, авторлық неомифтерді қолдана отырып, жас оқырманға ұғынықты тілмен, шебер аша білгендігі жайлы тұжырымға келген.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы байқалады.** Диссертацияның тарауы мен бөлімдерінде зерттелген мәселелер зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін орындауға бағытталған. Құрылымы мен мазмұны тақырыпты терең зерттеп қана қоймай, жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.

**Зерттеуге докторанттың қосқан жеке үлесі.** Докторанттың үш жыл бойы орындап шыққан «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы диссертациясы автор тарапынан жеке-дара жазылған, ғылыми кеңесшілерінің ақыл-кеңестерін ескерген, кешенді зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік берген, толыққанды аяқталған ғылыми жұмыс екені даусыз.

**Докторанттың зерттеуші ретіндегі сипаты диссертацияны жазу барысында ашыла түсті.** Докторант материалдар жинау барысында ізденімпаздылық пен ыждағаттылық танытты, зерттеу материалдарын өңдеу, талдау, сараптау барысында ғылыми жүйелеу әдіс-тәсілдерін меңгергендігін байқатты. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде докторант үлкен зерттеушілік тәжірибе жинақтады. Зерттеуші өзінің білімі мен еңбекқорлығын көрсете білді.

**Диссертация бойынша пікірімізді қорытындылай** келе, Демесинова Акерке Алтаевна ханымның зерттеген «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы жұмысы философия докторы дәрежесін алуға қойылатын талаптарға жауап береді деген қорытынды жасаймын. Зерттеу жұмысының келесі артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- 1) Зерттеудің мақсаты, міндеттері дәл анықталған, диссертацияның мазмұны оның құрылымына сәйкес, ғылыми зерттеу әдістері дұрыс таңдалған және қолданылған;
- 2) Фэнтези әдебиеттің дербес жанры екендігін дәлелдей отырып, автор оның авторлық анықтамасын ұсынған;
- 3) Қазақ әдебиетінде «фэнтези» жанры дербес әдеби жанр ретінде алғаш рет осындай іргелі ғылыми жұмыс түрінде зерттелді;
- 4) Зерттеу жұмысында автор фэнтезидің әлемдік классикалық әдебиет нұсқалары мен қазақ әдебиетіндегі шығармаларды салыстыра, байланыстыра отырып талдады;
- 5) Автор қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет әлемдік және қазақ фэнтези әдебиеті шығармаларының жіктемесін, кейіпкерлерінің типологиясын, фэнтези шығармаларындағы сюжеттер түрлерін, фэнтезидің теориялық аспектілерін қатысы бар әр ғылым тұрғысынан ашып, жіктеп көрсете білді.

Қорытындылай келе, аталған зерттеу жұмысын фэнтези әдебиеттің дербес жанры екендігін дәлелдейтін, фэнтези шығармаларының жіктемесін, кейіпкерлерінің типологиясы мен сюжеттерінің түрлерін жіктеп берген,

СА

мүқият, нақты орындалған жұмыс ретінде докторлық диссертация түрінде қорғауға ұсынуға болады деген тұжырым жасаймын.

Демесинова Акерке Алтаевна ханымның «Қазақ әдебиетінде фэнтэзи жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**


**Түрік Республикасы**

**Мугла Сытқы Кочман университеті**

**доктор PhD, профессор**

тел: +905469751042

ekremayan@hotmail.com



**Екрем Аян**

